

Халықтың декреттелген тобы өкілдерінің жеке медициналық кітапшасының нысанын және жеке медициналық кітапшаны беру, есепке алу және толтыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрінің 2003 жылғы 4 қарашадағы N 816 бұрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 24 қарашадағы тіркелді. Тіркеу N 2575. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы N 768 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.24 N 768 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласында пайдаланылатын есепке алу-есеп беру медициналық құжаттамасын жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған:

1) халықтың декреттелген өкілдерінің жеке медициналық кітапшасының нысаны;

2) жеке медициналық кітапшаны беру, есепке алу және толтыру ережесін бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А.Белоногқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2003 жылғы 4 қарашадағы N 816
бұйрығымен бекітілген
Халықтың декреттелген тобы
өкілдерінің жеке медициналық
кітапшасының нысанын
және жеке медициналық кітапшаны

беру, есепке алу және толтыру ережесін бекіту туралы

Жеке медициналық кітапшаны беру, есепке алу және толтыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жеке медициналық кітапшаны беру, есепке алу және толтыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) жеке медициналық кітапшаны беру, есепке алу және толтыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереже жеке және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларға арналған.

3. Міндетті медициналық қараулардың нәтижелері жеке медициналық кітапшаға (бұдан әрі - ЖМК) енгізіледі.

2. Беру және есепке алу тәртібі

4. ЖМК-ыны санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін мемлекеттік ұйымдар береді.

5. ЖМК халықтың декреттелген тобы өкіліне (бұдан әрі - ЖМК иесі) жұмысқа қабылдаған кезде беріледі.

6. ЖМК иесінің фотосуретіне оны берген ұйымның мөрі қойылуға тиіс.

7. Жеке медициналық кітапшаларды есепке алу оны осы ережеге қосымшаға сәйкес берген ұйымның жеке медициналық кітапшаларды есепке алу журналында жүргізіледі.

3. Толтыру тәртібі

8. ЖМК мемлекеттік және орыс тілдерінде, мынадай тәртіппен анық, қатесіз толтырылуға тиіс.

9. 1 "Паспорт деректері" бөліміне ЖМК иесінің жеке куәлігі немесе паспорты бойынша деректері енгізіледі.

10. 2 "Медициналық кітапша иесі туралы мәліметтер" бөліміне ЖМК иесі туралы мәліметтер енгізіледі.

11. 1 және 2-бөлімдерді жұмыс беруші немесе жеке тұлғаның өзі толтырады.

12. Жұмыстан босатылған және/немесе басқа жұмысқа ауысқан кезде ЖМК жаңа жұмыс орнында ұсыну үшін иесінің өзінде қалады. Ұйымына ЖМК иесі жұмысқа орналасатын жұмыс беруші (әкімшілік) 3 "Басқа ұйымға жұмысқа ауысуы туралы белгілер" бөліміне тиісті деректерді енгізуге тиіс.

13. 4 "Бұрын ауырған жұқпалы аурулары" және 5 "Медициналық тексерудің қорытындысы, терапевт" бөлімдеріне тексеруді жүргізген емдеу-алдын алу ұйымы дәрігерінің ЖМК иесін медициналық тексерудің нәтижесі жөніндегі қорытындысы енгізіледі және тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - ТАӘА) көрсетіле отырып, оның қолымен және мөрімен бекітіледі.

14. 6 "Туберкулезге тексерудің қорытындысы" рентгенологиялық зерттеулерінің нәтижелері мен медициналық тексеруді жүргізген емдеу-алдын алу ұйымы дәрігерінің қорытындысы енгізіледі және оның ТАӘА көрсетіле отырып, оның қолымен және мөрімен бекітіледі.

15. 7 "Жыныс ауруларына тексеру мен зертханалық зерттеудің қорытындысы" және 8 "Гинекологиялық тексерудің қорытындысы" бөлімдеріне ЖМК иесінің зертханалық 6 "Туберкулезге тексерудің қорытындысы" рентгенологиялық зерттеулерінің нәтижелері мен медициналық тексеруді жүргізген емдеу-алдын алу ұйымы дәрігерінің қорытындысы енгізіледі және оның ТАӘА көрсетіле отырып, оның қолымен және мөрімен бекітіледі.

16. 9 "Патогенді стафилококктарға зерттеудің қорытындысы", 10 "Ішек құрттары қабыршақтарына тексерудің қорытындысы", 11 "Бактериологиялық зерттеудің қорытындысы" бөлімдеріне оның ТАӘА көрсетіле және зерттеуді өткізген ұйымның мөрі қойыла отырып, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке немесе емдеу-алдын алу ұйымына кіретін ұйымның маманы жүргізген ЖМК иесін зертханалық зерттеудің қорытындысы енгізіледі.

17. 12 "Гигиеналық оқыту бойынша емтихан тапсыруы туралы белгі" бөліміне емтихан тапсыруы туралы тиісті белгі қойылады, ол оның ТАӘА жазыла және тиісті мөрі қойыла отырып, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының уәкілетті лауазымды тұлғасының қолымен бекітіледі.

18. 13 "Жұмыс істеуге рұқсат беру" бөлімінде ЖМК иесінің медициналық тексеруден, зертханалық зерттеуден және гигиеналық оқытудан өтуді аяқтағаннан кейін жұмыс істеуге рұқсат беру мерзімі көрсетіледі, оған ТАӘА көрсете отырып, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының басшысы жеке қолы мен мөрін қояды.

4. ЖМК-інің дайындалуына қойылатын талаптар

19. ЖМК-інің мұқабасы мен беттері ұзақ қолданылатын құжаттарға (паспорт, әскери билет) қойылатын талаптарға сәйкес технология бойынша арнайы материалдан жасалады.

20. ЖМК-інің мөлшері 97 X 135 мм, бұрыштары дөңгелетілген, мұқабасы кара көк түсті.

21. ЖМК-ны жасандылықтан қорғау мақсатында, онда қосымша:

1) мұқабасының ортасында мемлекеттік және орыс тілдерінде алтын түстес әріптермен жазылған жазу:

Жеке Медициналық Кітапша

2) мұқабасының ішкі жағында және барлық беттерде ортасында жарты айшық түріндегі көгілдір торша бейнеленген, төменгі жақта ортасында: жеке медицина кітапша - личная медицинская книжка деген жазу жазылған.

22. ЖМК-нің бөлімдеріндегі кесте үстіндегі және бағандарындағы барлық жазулар мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған.

23. Әрбір бетте жоғары жақ ортасында ЖМК-інің бөлімі сипатталған.

24. 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бөлімдерді екі және одан астам беттерге жазуға болады.

Жеке медициналық кітапшаны беру,
толтыру мен есепке алу ережесіне
қосымша

Жеке медициналық кітапшаларды есепке алу журналы

Р/с N	ЖМК иесінің тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрақты мекені	ЖМК нөмірі	Гигиеналық оқыту бойынша емтихан тапсыруы туралы б е л г і
----------	---	-------------------------	-------------------	---------------	---

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Қазақстан		Республикасы			
Денсаулық		сақтау		министрінің	
2003 жылғы		"4" 11		N 816	
бұйрығымен		бекітілген			
Халықтың		декреттелген		тобы	
өкілдерінің		жеке		медициналық	
кітапшасының		нысанын			
және жеке		медициналық		кітапшаны	
беру, есепке		алу және		толтыру	
ережесін бекіту туралы					
Халықтың		декреттелген		тобы	өкілдерінің
жеке медициналық кітапшасының нысаны					

1. Паспорт деректері

Ф о т о с у р е т
о р н ы
М.О.

1. Тегі _____
2. Аты _____
3. Әкесінің аты _____
4. _____ N _____
с е р и я с ы н ө м і р і

5. Кітапша иесінің жеке қолы _____

Медициналық кітапшаны

----- берді
қандай ұйым қашан

Сериясы ___ N

жеке медициналық кітапшасы

2. Медициналық кітапшаның иесі туралы мәліметтер

1. Негізгі мамандығы _____

2. Қызметі _____

3. Ұйым _____

4. Туған жылы, айы, күні _____

5. Мекен-жайы _____

жеке медициналық кітапшасы

3. Басқа ұйымға жұмысқа ауысуы туралы белгілер

Күні	Ұйымның атауы	Лауазымы	Қолы
------	---------------	----------	------

жеке медициналық кітапшасы

4. Жұқпалы аурулармен ауырғандығы туралы деректер

1. Бұрын ауырған жұқпалы аурулары _____

жеке медициналық кітапшасы

5. Медициналық тексерудің қорытындысы
Терапевт

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Дәрігердің ТАӘА қолы мен ұйымның мөрі
------	------------------------	--

жеке медициналық кітапшасы

6. Туберкулезге тексерудің қорытындысы

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӘА қолы мен мөрі
------	------------------------	--

жеке медициналық кітапшасы

**7. Жыныс ауруларына тексеру мен
зертханалық зерттеудің қорытындысы**

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӘА қолы мен мөрі
------	------------------------	--

жеке медициналық кітапшасы

8. Гинекологиялық тексерудің қорытындысы

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӘА қолы мен мөрі
------	------------------------	--

жеке медициналық кітапшасы

9. Ауру тудыратын стафилококктарды тасымалдауды зерттеудің қорытындысы

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӨА қолы мен ұйымның мөрі
------	------------------------	---

10. Ішек құрттары қабыршақтарына тексерудің қорытындысы

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӨА қолы мен ұйымның мөрі
------	------------------------	---

жеке медициналық кітапшасы

11. Бактериологиялық зерттеудің қорытындысы

Күні	Дәрігердің қорытындысы	Тексерген дәрігердің ТАӨА қолы мен ұйымның мөрі
------	------------------------	---

жеке медициналық кітапшасы

12. Гигиеналық оқытудан өткендігі және емтихан тапсырғандығы жөніндегі белгілер

Күні	Гигиеналық оқытудан өткендігі туралы белгі	Тексерген дәрігердің ТАӘА қолы және гигиеналық оқытуды өткізген ұйымның мөрі
------	--	--

жеке медициналық кітапшасы

13. Жұмыс істеуге рұқсат беру

Күні	Рұқсат беру мерзімі	Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы басшысының қолы мен мөрі
------	---------------------	---

жеке медициналық кітапшасы